

Жанатаева К.Б.

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.,
e-mail: Guljan73@inbox.ru

ЕГИПЕТ-АҚШ СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕСТІГІНІҢ САЛДАРЫ

XX ғ. екінші жартысында Араб Шығысы аймағы маңызды саяси және экономикалық үдерістердің тоғысқан жері болып қала берді. II дүниежүзілік соғыстан кейін әлемнің бұл түкпірінде Америка Құрама Штаты өзінің сыртқы мүддесін қамтамасыз етуге бағытталған әскери-саяси блок құруға ұмтылған еді. Әсіресе, АҚШ жетекші араб елі Египетте өзінің позициясын нығайту бағытында нақты саясат жүргізуге тырысты. Мысырдың тиімді геосаяси жағдайы, адам және табиғи ресурстарының орасандылығы, әскери қуаттылығы сынды факторларды иеленуі оны халықаралық қатынастарда маңызды актор етеді.

Араб Шығысын біртіндеп өзінің «өмірлік маңызды мүддесіне» айналдырған АҚШ сынды алпауыт мемлекет Мысырдың сыртқы саясатында басты рөл атқарды. Аймақта тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету екі ел арасындағы қатынастың өзекті факторларының бірі болып саналды. Таяу Шығыс сахнасында АҚШ жетекші рөл атқарса, ЕАР аймақтық көшбасшы бола отырып, араб елдерінің экономикалық және саяси дамуына елеулі әсер етіп келді. Өйткені өз уақытында Египет Таяу Шығыстағы экономикалық және әскери қатынаста күшті дамыған Иран, Израиль, Түркия сынды мемлекеттер қатарынан табылған болатын.

Түйін сөздер: Египет, АҚШ, ынтымақтастық, халықаралық қатынас, әскери көмек, экономикалық көмек.

Zhanatayeva K.B.

Al-Farabi Kazakh national university, Kazakhstan, Almaty,
e-mail: Guljan73@inbox.ru

Implications of the Egypt-USA Strategic Partnership

The Arab East region remained a crossroads of important political and economic processes in the second half of the XX century. After the II World War in this part of the world, the United States sought to create a military-political bloc aimed to protect its foreign interests. In particular, the United States tried to pursue a clear policy to strengthen its position in Egypt. The fact that Egypt has an effective geopolitical situation, huge human and natural resources and military potential makes it an important participant in international relations.

Transforming the Arab East with its “vital interests” the United States plays an important role in Egypt’s foreign policy. Ensuring stability and security in the region was considered as one of the key factors in relation between the two countries. If the US has a leading role in the Middle East, then Egypt as a regional leader has seriously influenced the economic and political development of Arab countries. At that time, Egypt was considered one of the most developed countries in the economic and military relations in the Middle East, such as Iran, Israel and Turkey.

Key words: Egypt, USA, cooperation, international relationships, military assistance, economic assistance.

Жанатаева К.Б.

Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы,
e-mail: Guljan73@inbox.ru

Последствия стратегического партнерства Египта и США

Регион Арабского Востока оставался перекрестком важных политических и экономических процессов во второй половине XX века. После Второй мировой войны в этой части мира Соеди-

ненные Штаты стремились создать военно-политический блок, направленный на защиту своих внешних интересов. В частности, США пытались проводить четкую политику по укреплению своих позиций в Египте. Тот факт, что Египет имеет эффективную геополитическую ситуацию, огромные людские и природные ресурсы и военный потенциал, делает его важным участником международных отношений.

Превратив Арабский Восток своими «жизненно важными интересами», США играют важную роль во внешней политике Египта. Обеспечение стабильности и безопасности в регионе считалось одним из ключевых факторов взаимоотношений между двумя странами. Если США играют ведущую роль на Ближнем Востоке, то Египет как региональный лидер серьезно повлиял на экономическое и политическое развитие арабских стран. В то время Египет считался одной из самых развитых стран в экономическом и военном отношении на Ближнем Востоке среди таких стран как Иран, Израиль и Турция.

Ключевые слова: Египет, США, сотрудничество, международные отношения, военная помощь, экономическая помощь.

Кіріспе

XXI ғасырда Египет Араб Республикасы аймақтық көшбасшылыққа ашық түрде талпынған ең тығыз қоныстанған ірі араб мемлекеті ретінде саналды. Мысырдың араб әлеміндегі қуатты рөлі халықаралық қатынастардағы өзекті мәселелерді қамтуға ұмтылатын сыртқы саясатының көпвекторлығы мен белсенділігіне негізделді. АҚШ-пен ерекше қатынасын түзей отырып Каир Израиль мен араб елдерінің арасындағы шиеленісті жоюға ғана емес, Таяу Шығыс бейбіт үдерісінің де белсенді делдалы болуға ұмтылды.

Ұзақ жылдар бойы араб әлеміндегі түйткіл мәселелерді шешуде өзіндік орынға ие болып келген Мысырдың бүгінгі күні қиын саяси-экономикалық жағдайға тап болуы, әрі АҚШ-тың демократияландыру үдерісінің құрбанына айналуы аймақтық көшбасшылық рөлінен айырылуына әкеліп соқтырды. Аймақтық көшбасшылық кезіндегі Египеттің сыртқы саяси ұстанымдары мен қазіргі жағдайға тап болуына әсер етуші негізгі факторларды саралау тақырыптың басты өзектілігі болып саналады.

XX-XXI ғғ. қарсаңында Араб Шығысы аймағындағы Мысыр рөлін айқындайтын оқиғаларға жан-жақты талдау жасау және оның аймақтағы халықаралық жағдайының орнын көрсету. Египеттің сыртқы саясаты АҚШ-пен, Израиль және араб әлемімен қарым-қатынасы сынды бірқатар факторлардың әрекет етуімен қалыптасады. Осы бағыттардағы қатынастардың дамуы Египеттің ішкі саяси жағдайына ғана ықпал етіп қойған жоқ, сонымен бірге Таяу Шығыстағы жағдайға да айтарлықтай әсерін тигізді. Осындай үрдіс аталған қатынастардың әртүрлі аспектілерін жан-жақты қарастырып, баға беруіне негіз береді. Сондықтан да 1980-2010 жж. Египеттің аймақтық саясатының бағыттарын зерттеудегі басты мақсат экс-прези-

дент Хосни Мұбарак билікке келгеннен кейінгі МАР-дың аймақтық көшбасшылық мемлекетке айналуындағы алғышарттары болып саналатын «ұлттық мүдде» мен сыртқы саяси бағытының даму динамикасын көрсету болып табылады.

Египеттің аймақтық саяси қатынастары әртүрлі салаларда көптеген қайшылықтармен сипатталады. Сондықтан да екі жақты қатынастардың дағдарысты кезеңдерін ғана емес, таяушығыстық аймақтағы саяси жағдайдың нашарлап кету себептерін де қарастыру басты мақсаттардың бірі.

Зерттеу жұмысында қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін Мысырдың аймақтық саясатын жүзеге асырудағы алғышарттары саналатын елдің әлеуетін айқындау және саяси, экономикалық және әскери саладағы египет-американ серіктестігінің дамуын зерттеу, екі жақты қатынастың қайшылықтары және оларды жою механизмдерін көрсету сынды міндеттер қойылды.

Зерттеу барысында мақсат мен міндеттерді объективті және ғылыми тұрғыда шешу үшін тарихи-салыстырмалы, дәуірлеу әдісі (диахрониялық әдіс), тарихи-сипаттамалық әдістері қолданылды.

Негізгі бөлім

Египет-АҚШ қатынасының тарихи көрінісі

Египет-американ қатынасының даму тарихы Мысырдың үш ірі мемлекет басшылары Г. Насер, Ә. Садат және Х. Мұбарак билігі тұсында қалыптасқан саяси бағыттардың өзіндік ерекшеліктерімен сипатталады. 1952 жылы тәуелсіздік алғаннан кейін басталған египет-американ қатынасының алғашқы кезеңі «салқындық» сипатта жүрді. Егемендік туын енді желбіреткен жас мемлекеттің сұраған қаржылай көмегін АҚШ дер кезінде жөнелтуге асықпады. Сондай-ақ АҚШ-тың қару-жарақпен қамтамасыз ету уәдесін де кейінге ысыруы Г. Насерді Кеңес Одағымен жақындасуға итер-

меледі. Өз кезегінде Таяу Шығыста өзінің ықпалын күшейтуді көздеген КСРО Египетке айтарлықтай көлемде кеңестік қаруларды тасымалдай бастады. Ал 1958 жылы 27 желтоқсанда Мәскеу мен Каир арасында келісімге қол қойылып, Асуан су тоспасын салу үшін құрал-жабдықтар мен техникалық көмек көрсету мақсатында 90 млн рубль көлемінде ұзақ мерзімге қарыз беру қарастырылды. Ізінше, 1960 жылы 27 тамызда екі жақ 202,5 млн рубль көлемінде қарыз беру туралы келісімге қол қойылды. Осылайша екі ел арасында орнатылған тығыз әскери-экономикалық байланыс ұзақ жылдар бойы жемісті дамыды. Бірақ, 60-шы жылдардың аяғынан бастап КСРО экономикалық құлдырауы себебінен өзінің Таяу Шығыстағы ықпал өрісін жоғалта бастады. Ал, Насерге батыс елдерімен тығыз қатынас орнату және елде жеке меншік өндіріске ерік беру туралы шешім қабылдауына тура келді. Дегенмен мемлекет басшысының Ақ Үй әкімшілігімен қатынасты қалыптастыру әрекеті салқындық қалпында қала берді.

1967 жылы Израиль басқыншылығы кезінде Египет пен АҚШ арасында дипломатиялық қатынас үзілгеніне қарамастан, екі ел арасындағы байланыс жылуы 1970 жылы қазанда үкімет басына Әнуар Садат келгеннен кейін сезіле бастады. АҚШ пен Египет арасындағы жақындастықтан өзара тиімді мүдделер көзделді. Египеттің ішкі факторлары (Насердің «социалистік эксперимент» сәтсіздігі, Израильге қарсы тұру нәтижесіндегі экономикалық дағдарыс) 1970 жылдардың ортасындағы АҚШ-тың сыртқы саясатындағы сәтсіздіктермен сәйкес келді. 1973 жылы Вьетнам соғысында жеңіліске ұшыраған АҚШ енді өз белсенділігін Таяу Шығыс аймағында танытуға кірісті. Садат Вашингтонды, ең алдымен тоқырап қалған ел экономикасын көтеру мақсатында қаржы алуға, екіншіден, 1967 жылы басып алынған Синай түбегін қайтаруы үшін Израильге қысым түсіруші күш ретінде қолданғысы келді.

Ал, америкалықтар Египеттің сыртқы және ішкі саяси бағыттары арқылы Таяу Шығыс аймағынан Кеңес Одағын ығыстыруды, ірі араб елдерін Израильмен бейбіт келісім орнатуға итермелеуді көздеді. Египет пен АҚШ арасындағы дипломатиялық қатынас 1974 жылы ақпанда қалпына келтірілді. Осы уақыттан бастап америкалықтар аймақтағы өздерінің стратегиясын күшейте отырып Кеңес Одағын бұл аймақтан алшақтатуға тырысты.

Египетке аса қымбатқа түскен Израильмен бейбіт бітімге 1978 жылы қыркүйекте қол қойылды. Кэмп-Дэвид келісімі көмегімен Египет өзіне

Синай түбегін қайтарып, Вашингтонды әскери және экономикалық көмекті ұлғайтуға қолданғысы келді. Ізінше, 1979 жылы наурызда қол қойылған сепараттық бейбіт бітімнің құны америкалықтар үшін шамамен 5 млрд. долларды құрады (Звягельская И.Д., 1990,125). Сондай-ақ бұл келісімнің Египет үшін де құны қымбатқа түсті. Бауырлас елдер тарапынан сынға алынып, араб әлемінен оқшауландырылды. Садаттың биліктегі соңғы жылдары елдегі экономикалық қиындықтар және саяси шиеленістің өрши түсуімен сипатталды.

1981 жылы Хосни Мұбарак үкімет басына келгеннен соң Вашингтон Египет пен АҚШ арасындағы ерекше қатынас сипатына ие болған саяси және әскери-экономикалық байланысты сақтап қалуға тырысты. Вашингтон екі ел қатынасындағы ерекше орынды иеленетін әскери ынтымақтастықты Таяу және Орта Шығыста өзінің ықпалын күшейту үшін бағыттауға көздеді. Өйткені, 1980 жылдардың қарсаңында Иранда шаһқа қарсы төңкеріс, ал Ауғанстанда тәртіптің ауысуы сияқты елеулі өзгерістер жүрген еді. Осыған дейін Таяу және Орта Шығыстағы қауіпсіздік нышаны ретінде Иран мемлекетіне ерекше мән беріліп келген болса, енді шаһ тәртібінің құлауымен онда бос кеңістік түзілген соң, АҚШ Египеттің стратегиялық сапасына ерекше көңіл бөле бастады.

Хосни Мұбарактың 1982 жылы ақпан айында АҚШ-қа сапары барысында Египетке американдық экономикалық көмекті сақтау, әскери салада ынтымақтастықты жалғастыру, сондай-ақ Синай түбегінде көп ұлтты күштер (КҰК) әскерлерін шоғырландыру туралы мәселелер қарастырылды. Жалпы 1982-1983 жылдары АҚШ тарапынан Египетке 1 млрд. доллар көлемінде экономикалық және 1,3 млрд. доллар көлемінде әскери көмек көрсетілсе, бұл көрсеткіш 1983-1984 жылдары 1 млрд. және 1,365 млрд. долларды құрады. 1984 жылдың аяғында Египетке тасымалданатын әскери құрал-жабдықтарға бөлінген 8,5 млрд. доллар көмек көлемі 1987 жылға дейін осы деңгейде сақталды. Осылайша қару-жарақ тасымалдау көлемін ұлғайта отырып, Вашингтон Каирді таяушығыстық одақтас ретінде өзіне жақындата түсу үшін қолдағы барын аямады.

Дегенмен Мысыр қоғамында алпауыт елдің саясатына деген кері көзқарастар байқала бастады. 1985 жылы күзде америкалықтарға қарсы ұзақ пісіп-жетіліп келе жатқан бұрқасын лап ете түсті. Бұған төрт палестиналықтың Жерорта теңізіндегі итальяндық «Акилле Лауро» туристік кемесін басып алуы себеп болған еді. Палестиналықтардың бұл әрекетін әлемдік қауымдастық алдын-

да көзге түсірмей, дауды жанжалсыз шешуді ұйғарған Египеттің шешіміне америкалықтардың қарсы шығуы жағдайды ушықтырып жіберді. Египет басшылығы палестиналықтармен келіссөзге отырып, туристерді жіберуге көндіріп, ал өздерін ұшақпен Туниске жеткізуге келісім берген еді. Американың ішкі әскери әуе күштері Египеттің туристік ұшағын басып алды. Олар египет әуе ұшағын Сицилия әуе қондырымдарының біріне қонуға мәжбүр етіп, өзіндік сот жасауға шешім қабылдаған болатын. АҚШ-тың әрекетіне қатты наразылық танытқан Египет президенті бұл бұрын естімеген халықаралық құқық нормаларын бұзатын оқиға екенін атады. Елде көптеген қалаларда америкалықтарға қарсы толқулар жүрді. Египеттегі шиеленісті жағдайды басу үшін АҚШ-тың бас хатшы орынбасары Дж. Уайтхед жіберіліп, 150 млн. доллар көлемінде қосымша көмек бөлуге мәжбүр болды.

Шиеленіс басып тасталғанымен египеттіктер Вашингтонның өз «ұлттық мүддесін» қанағаттандыру үшін кез келген араб елінің абыройын таптайтын саясатқа баратындығын шынайы көзбен көрді. 1986 жылы көктемде Ливия Жамаһриясына қарсы Египетті айдап салмақ болған АҚШ-тың ойы іске аспай қалды. Көршілес араб елін АҚШ-тың бомбылауы Египетті дүр сілкіндірді. Мысыр Ливиямен арадағы қатынасы нашар болса да, көрші елдің халқына гуманитарлық көмек жіберетіндігін жариялады.

Египет-америка қатынасындағы алшақтық Мысырдағы америкалық әскерлердің шоғырлану мәселесінде де байқалды. Негізінен, АҚШ өздерінің әскерлерін Египетте шоғырландыру жоспарын Әнуар Садат билігі тұсында іске асырған болатын. 1979 жылы желтоқсанда Каир өзінің территориясында екі «АВАКС» ұшағын орналастыруға рұқсат берген еді. Сонымен бірге АҚШ Қызыл теңіздегі Рас-Банас порты мен әскери әуе қондырымын пайдалану құқығына қол жеткізген болатын. 1982 жылғы қаржы жылында АҚШ әкімшілігі жоғарыда аталған әуе базаларын қайта жабдықтауға 106,4 млн. доллар бөлуді көздеді (الشرح الأوسط, 1982). 1983 жылы мамырда екі ел арасындағы әскери келіссөз қайта басталды. Бірақ Вашингтонның Рас-Банастағы египеттік әскери қойманы қайта жабдықтау туралы келісімге қол қою үміті еш нәтиже берген жоқ. Хосни Мұбарак өз елінде ешқандай шетелдік әскери қойманың болмайтындығын, Мысыр әскери қойманы өзі салып, онда өзінің бақылауын сақтайтындығын, америкалықтар бұл қойманы тек Каир Вашингтонның іске араласуын қажет тұтқан жағдайда ғана

пайдалана алатындығын баса атап өтті (برنامج مبارك (وثيقة لبناء الدولة العصرية. أكتوبر ١٩٩٩). Мұбарак шетел әскерлерінің елдің территориясына шоғырландырылуын қаламады. Әрі оның араб әлемі алдында Египеттің беделіне нұқсан келтіретінін сөзсіз ұғынды. Египет басшылығы өзінің аумағында осыған дейін шетел әскерлерінің белгілі мақсатта уақытша орналасқандығын ескертті. Еске түсіре кетсек, елде тікелей америка әскерлерінің орналастырылуы 1979 жылғы египет-израиль бейбіт бітіміне сүйеніп, осы келіссөз ережелерін бақылау үшін көп ұлтты күштер ұйымдастырылған еді. 1982 жылы сәуірде Израиль әскерлері Синай түбегінен шығарылғаннан кейін АҚШ өзінің батальонын шоғырландырған болатын. Бірақ египет-израиль шекарасында шиеленіс азайғаннан кейін Синай түбегіндегі КҰК контингенті өзінің бұрынғы мәнін жоғалта бастады. Синайда 22000 КҰК әскерлерін ұстауға рұқсат берілсе де, олардың саны 8000 әскерден аспады.

Сондай-ақ Иран-Ирак соғысы кезінде АҚШ-тың екі ұшты саясат ұстанып, Иранға әскери көмек беруі араб елдері тарапынан қарсыластық туғызды. Египет 1987 жылы «Ирангейд» дауын ескере отырып, Вашингтонға бару сапарынан бас тартты. Бұл соғыста Ирактың одақтасы болған Египет АҚШ-тың бұл әрекеттерін «дұшпандық әрекет» деп санады. Вашингтонның осындай әрекетке баруы өзінің таяушығыстағы одақтасы Израильмен бірлесе отырып, жасалынғаны сөзсіз мәлім. Израиль Иранды жауы санап келсе де, бұл аймақтық соғыста өзінің бақталасын қолдаған болатын. Бір жыл бойы Египеттегі америкалықтарға бас көтерулер салдарынан «дипломатиялық дағдарыс» басталды. Бұл наразылық 1987 жылы қыркүйекте Каирдегі лаңкестік әрекетке ұласты. Египеттегі америка дипломаттарына екі рет қастандық әрекеті жасалынды.

Дегенмен 1980 жылдардың аяғында екі ел қатынасында қайтадан жылулық сезіле бастады. 1988 жылы Х. Мұбарак АҚШ-қа ресми сапар жасап, үзілген дипломатиялық қатынасты, палестина мәселесін реттестіру, экономикалық қолдау беру мәселелерін алға қойды. 1988 жылы наурызда Египеттің қорғаныс министрі Абу Газалидің АҚШ-қа сапары барысында екі ел арасындағы әскери ынтымақтастық принциптерін айқындайтын «өзара түсіністік туралы меморандумға» қол қойылды. Бұл меморандумда әскери бірлесіп қызмет істеуде Египетке бірқатар әскери технология беру қарастырылды. Бұндай келісімге АҚШ басқа ешқандай араб елдерімен қол қойған жоқ болатын. Меморандумның әрекет ету мерзімі 5 жыл

болғанымен, оны ұзартуға мүмкіндік берілді. Келіссөзде Египет келісімнің кез келген тарауына түзету енгізе немесе жоя алады деп көрсетілді (الأهرام, 1988).

90-шы жылдардың ортасына қарай Египет пен АҚШ арасында аймақтық мәселелер бойынша карама-қайшылықтар туындап, екі елдің көздеген мүдделері одан әрі алшақтай түсті. 1997 жылы өткен Араб Елдері Лигасының (АЕЛ) саммитінде Египеттің төрағалығымен оның мүшелеріне Израильмен байланыстарын тоқтатып, экономикалық бойкотты қайта жандандыру ұсынылған болатын. Бірақ Мысырдың АЕЛ-мен біріккен мәлімдемеге қатысуы америкалықтар тарапынан наразылық тудырды. АҚШ-тың қаһарына ұшыраған елдерге Мұбарактың көмек беру саясаты Вашингтонды назаландырады. Мұбарак 1996 жылғы қыркүйектегі АҚШ-тың Иракты бомбылауын «халықаралық құқықты бұзу» әрекеті деп танығандардың бірі еді. Египет бірнеше рет АҚШ-ты Бағдаттағы экономикалық және саяси тосқауылды алып тастауға шақырды. Таяу Шығыс мәселелері бойынша Вашингтондық институттың атқарушы директоры Роберт Сатлофф Египеттің 70-80-шы жылдардағы саясаты мен 90-шы жылдардағы саясаты арасында айтарлықтай айырмашылық бар деп көрсетті. Оның пікірінше, Египет аймақтағы АҚШ-тың мүдделеріне жауап бермейтін бағыттарды ұстанады: «екі елдің біріккен күші араб елдерінің Израильмен байланысын кеңейту үшін жұмсалуды керек, бірақ соңғы кезде Египеттің сыртқы саяси бағытында Израильді өзінің аймақтағы жетекшілігіне қауіп төнгізуші ретінде қарастыратын үрдіс байқалады».

Жалпы көзқарас бойынша екі ел арасындағы түсініспестік шартты сипатта, әрі дағдылы әдет бойынша жүреді. Өзара үйреншікті қанағаттанбаушылық алдымен, әдеттегідей Ақ Үй әкімшілігінің Египет саясатына үндеу тастауымен басталады. Ізінше, бұл сынды «Нью-Йорк», «Вашингтон пост» сынды басылымдар қағып алып отырады. Көбінесе, Египеттің сыртқы саяси бағытына емес, ішкі мәселелеріне көп қадалады. Сондай-ақ конгрестің кейбір мүшелері Каирге экономикалық көмекті азайту керектігі туралы мәселелер көтереді. Ал, бұған Мысырдың ресми өкілдері АҚШ Египеттің сыртқы да, ішкі де ісіне араласуға құқығы жоқ деп жауап қайтарады. Бірақ, египет-америка қатынасында кездесетін кез келген шиеленісті фактілерге карамастан, үнемі екі жақ басшылары кез келген келіссөзден кейін бір-бірінің алдын кеспеуі керектігін еске салып отырады. Жоғарыда айтылғандарды сараптай келе, египет-америка

қатынасын конгресстегілер египет-израиль байланысының көленкесі арқылы қарастырады деп топшылауға болады. Дегенмен ресми деңгейде екі жақ та тығыз байланысты сақтау керек.

Осындай салқындық жағдайда Египеттің сыртқы істер министрі Амр Мұса 1998 жылы тамызда АҚШ-қа ресми сапар жасаған еді. Өзінің әріптесі Мадлен Олбрайт және конгресс мүшелерімен кездесуі айтарлықтай нәтиже берген жоқ. Сапардың негізгі мақсаты екі ел арасындағы қайшылықтарды жою және тығыз ынтымақтастық жолдарын іздестіру болған болатын. 1999 жылы шілдеде Хосни Мұбарак өзінің Вашингтонға кезекті сапары кезінде, египет-америка қатынасы стратегиялық жағынан маңызды болып табылатындықтан АҚШ-та екі ел арасындағы серіктестікті сақтауға мүдделі екенін нақтылады.

Египет-АҚШ арасындағы әскери серіктестік

Екі ел арасындағы байланыста әскери ынтымақтастық әрдайым басты орынды иеленді. АҚШ Египетке өзінің қару-жарағын 70-ші жылдары-ақ тасымалдай бастаған болатын. 1980 жылы АҚШ 1,5 млрд. долл. көлемінде Египетке қару-жарақ жіберуге міндет алды. Соғыс қаруларын иеленуге берілетін америкалық көмек жаңа үкімет тұсында да жалғасып жатты. «Аль-Маджалля» журналының мәліметі бойынша, 1985 жылы көрсетілген АҚШ көмегін: қырық «Ф-16», алты «Геркулес», «СИ-150», «әуе-әуе», «Сэндвиндер», «Спэрроу» зымырандары, «Хок» үлгісіндегі 288 «жер-әуе» зымыраны, 300 М-60 танкі, бес жүз жүк тасымалдау көлігі, жүз елу бес зеңбірек, екі жүз танкіге қарсы тұратын зымыран және жүз қырық бес «Хувер Крафт» кемесі құрады (المجلة ٢٦٥).

1985 жылы Египет АҚШ-тан жалпы 2,2 млрд доллар көмек алса, оның 1,2 млрд. доллары тек әскери салаға берілді. Сондай-ақ екі ел арасындағы әскери ынтымақтастықта біріккен соғыс іс-қимылдарын екі жылда бір рет өткізу қарастырылды. АҚШ Таяу Шығыстың шөлді табиғи шарттарында өзінің қарулы күштерін соғыс іс-қимылдарын жүргізуге бейімдеуді көздеді. Іс-қимылдардың ішіндегі маңыздырағы «Брайт Стар» (Жарық жұлдыз) 1980, 1981 және 1985 жылдары жүргізілді. Бұл әуедесанттық іс-қимыл 1988 жылы 22 наурызда екі жақ бірін-бірі түсінушілік жөнінде меморандумға қол қойылғаннан кейін де жалғастырылды. Біртіндеп, «Брайт Стар» іс-қимылына қатысушылардың ортасы көбейе түсті. 1996 жылы АҚШ пен Египетке Франция, Германия, Ұлыбритания және БАӘ

қосылды. Ал, 1999 жылы әскери сала тарихында бұрында өткізілмеген жаттығу ұйымдастырылып, оның құрамын нидерланды, Италия, Греция және Иорданияның әскерлері толықтырды. 11 елдің қарулы күштерінен құрылған, жалпы 70 мың әскер (30 мыңы египеттіктер) саны қатысқан осы іс-қимылға 33 мемлекет өздерінің өкілдерін бақылаушы ретінде жіберген болатын (Al-Ahram Weekly, 1999).

Екі ел арасында 1986 жылы қол қойылған әскери келісім Египет инвесторларына тікелей Пентагонмен ынтымақтасуға құқық берді. Египет-американ әскери ынтымақтастығы әскери жеңілдіктердің берілуі, әскери технологиямен қамтамасыз ету, біріккен жаттығулардың өткізілуі және тікелей әскердің қатысуына негізделді.

Жалпы, екі ел арасындағы әскери байланыста да кейбір қиыншылықтар кездесіп отырды. Мысалы, АҚШ-тың мемлекеттік департаменті жаңа үлгідегі кейбір қару түрлерін Египетке тасымалдауға келісім бермеді. Әсіресе, ТОВ-2Б танкі бұзатын, Ф-16 жойғыштарын жоятын «әуе-әуе» АМРААМ зымырандарымен қамтамасыз ету мәселесінде келіспеушіліктер туындады. Бұл жүйелерді Парсы Шығанағының кейбір басқа елдері өз уақытында алып қойған болатын. Дегенмен Вашингтон Египеттің «Longbow» радар жүйесін беру туралы ұсынысын қабылдамады.

1985 жылға дейін алынған әскери қарыздарды өтеу мәселесі біршама қиындық туғызды. Бұрынғы экономика министрі М. Саид «әл-Мусаввар» журналына берген өзінің сұхбатында әскери қарыздар жылына 12-13%-ды құрайтындығын атап көрсетті. Әдетте жеңілдік 5-10 жылға, ал өтеу мерзімі 20 жылға дейін уақытты қарастырды. Бұл Египетте қаржы дағдарысын туғызуы мүмкін еді. Бірақ 1991 жылы Иракқа қарсы коалицияға қатысқаны үшін америкалықтар әскери қару-жарақпен қамтамасыз ету бойынша ЕАР-ның 7 млрд. доллар көлеміндегі қаруларды тасымалдау бойынша қарыздарын кешірді. Сонымен қатар, египет әскерилері әскери көмек бағдарламасы бойынша сатып алынатын қаруларға бағаның өсіп кеткеніне наразылық білдірді. Басқа елдермен салыстырғанда египеттіктер үшін соғыс техникасын сату бағасы 20-25%-ға дейін жоғары. Бірақ, сөйте тұра Каирдің америка әскери көмегіне тәуелділігі еш төмендеген жоқ. Египет қарулы күштері аймақтағы саны жағынан да, соғысқа қабілеттілігі жағынан да алдыңғы орындарды иеленеді. Сондай-ақ 2001 жылы Египет дүниежүзінің қару-жарақты импорттаушы елдер тізімінде 4-ші орында тұрса, ал 2002 жылдың қарсаңында алдыға Оңтүстік Корея, Тайвань, Қытай және Сауд

Арабия елдерін жіберіп, бірақ өзінің артына Израильді қалдыра отырып 5-ші орынды иеленді (Титоренко В. Е., 1994).

Бүгінгі күні египет әскери саны жағынан әлемде 13-ші орынды иеленеді. Құрамында 436 мың солдат және офицерлері бар египет әскері НАТО әскери блогы құрамындағы әскерлер санынан да асып түсті.

Египет-америка ынтымақтастығы шеңберінде Каир өзінің жеке соғыс өндірісінде дамыта бастады. Бүгінде қорғаныс министрлігі басқаруындағы шамамен 20 шақты мемлекеттік соғыс өнеркәсіптері бар. Парсы Шығанағындағы соғыстан кейін «Зауыт 2000» бағдарламасы шеңберінде Египетте америка лицензиясы бойынша M1A1 (АВРАМС) танктерін жинай бастады. Египет-америка келісімі бойынша египеттіктер жылына 524 танкіге дейін шығаруға құқығы бар. Негізінен, египет басшылығы жылына 1500 танкке дейін шығаруды көздейді. Сондай-ақ әскери машина жасау құрылысы саласында араб-америка машина құрылысы компаниясы (AAVCO) қызмет етеді. 1977 жылы негізі қаланған бұл компания, біріккен египет-америка өндірісі болып табылады. Шамамен 17 мың жұмысшысы бар өнеркәсіп әскери джиптер және басқа да жеңіл транспорт құралдарын шығарады.

Америка көмегі нәтижесінде египет әскері батыс үлгіде жабдықталған қазіргі заманғы қарулы күштерге айналды. 20 жыл ішінде Египет әскерін жаңашаландыру негізінен америка көмегіне сүйенді. Осы жыл көлемінде Каир Вашингтоннан әскери шығынға шамамен 25 млрд. доллар алды (Егорин А.З., 2000). Әрине, бұдан АҚШ-тың ұтқаны да сөзсіз. Египетке қаруларды тасымалдай отырып, америка үкіметі көптеген өздерінің корпорацияларын байытып, жүз мыңдаған америкалықтарды жұмыспен қамтамасыз етті.

Осылайша, әскери ынтымақтастық саласында Каир Вашингтоннан танк, құрлықтағы артиллериялық жүйелерді, зымыран қондырымдарын, ұшақтар, тік ұшақтар және тағы да басқа көп көлемде америка техникаларын алды. Әрине, күшті және соғысуға қабілетті әскердің болуы Египеттің аймақтағы беделін күшейте түсетіні сөзсіз. Бірақ, әскери көмекті төмендетіп, экономикалық көмек көлемін ұлғайта түсу Египеттің дамуына үлкен септігін тигізеді.

Египет-АҚШ қатынасындағы экономикалық байланыс

Египеттің ішкі және сыртқы саясаты әсіресе америкалық экономикалық көмекке арқа сүйенетіні рас. Бірақ та америка экономикалық көмегінің

көп бөлігі ақшалай емес, материалдар немесе құрал-жабдықтар түрінде көрсетіледі. Бұл өз кезегінде берілетін несиенің қажетті салаға жұмсалу мүмкінділігін тежейтіні сөзсіз. 80-шы жылдардың ортасынан бастап, мысырлықтарға берілетін америка көмегінен 400 млн доллар материалдар мен жабдықтар түрінде бөлінсе, тек 400 млн доллар ғана ақшалай берілген (الأهرام). Ал көмектің қалған бөлігі әртүрлі экономикалық жобалар мен тауарлар жеткізу түрінде ұсынылған.

Жалпы АҚШ тарапынан Египетке берілетін экономикалық көмек төңірегінде даулар жиі кездесіп отырды. АҚШ тарапы Каир Вашингтонның аймақтағы мүддесін нақты қолдамайды деп наразылық танытса, Египет мамандары АҚШ-тан бөлінетін көмектің тек 15%-ы ғана ел экономикасының қажеттілігіне жұмсалады деп жауап қайтарады. А.Г. Князевтің пікірінше: «Америка экономикалық көмегі Египетке көмектесудің орнына, елді керісінше, қарызға батырып, экономикалық тәуелділікке итермелейді» (Князев А.Г., 1986).

Египетке берілетін америкалық экономикалық көмек соңғы жылдары екі ел арасындағы қатынас өзегі болып отыр. Египеттің АҚШ-пен тығыз байланысын үзбеу үшін өзіндік себептері бар. Ел 80-шы жылдардың қарсаңында ауыр экономикалық жағдайды басынан өткерді. Ал, АҚШ тарапынан құйылған инвестиция легі елді терең дағдарыстан алып шығуға көмектескен болатын. Израильден басқа ешқандай мемлекет АҚШ-тан үлкен экономикалық және әскери қолдау көрген емес. Салыстырмалы түрде айта кетсек, 1990 жылы Египет пен Израильді қосқанда екі ел 5,15 млрд. доллар көмек алған, бұл жалпы АҚШ-тың шетелге берілетін көмегінің 33%-н құрайды (Al-Ahram Weekly, 2001).

Қаншалықты сынға алынса да, негізінен америкалық көмек аймақтағы басқа елдерге қарағанда 90-шы жылдары Каирдің экономикалық жетістіктерге жетуіне үлкен септігін тигізіп, екі ел арасындағы қатынаста бірқатар нәтижелер берді. Бұл көмексіз Египет 1967 және 1973 жылдардағы соғыс салдарынан туындаған ауыр экономикалық дағдарыстан қысқа мерзімде шыға алуы мүмкін емес еді. Америкалық көмек өнеркәсіп инфрақұрылымын құруда үлкен рөл атқарды. Шамамен 9 млрд. доллар құйылып, халықты тұтыну тауарларымен қамтамасыз етуде, ауыр және жеңіл өнеркәсіпті дамытуға септігін тигізді. 1979-1999 жылдары Мысыр барлық еуропа елдерін қосқанда тек 20 млрд. доллар несие ғана алған. Сонымен қатар, египет әскерлері антиирактық коалицияға

қатысқаны үшін Парсы Шығанағындағы соғыстан кейін америкалықтар Мысырдың сыртқы қарызының шамамен 20 млрд. долларды кешірді. Сондай-ақ АҚШ шамамен 7 млрд. доллар көлеміндегі әскери қарызды кешірді. Елдегі әскери күш қуатының күшеюіне АҚШ-тың тигізген әсері көп екенін Каир түсініп отыр. Египеттің танымал саясаттанушысы Абдель Монем Саид египет-америка стратегиялық ынтымақтастығы нәтижесін бағалай отырып, екі жақтың қол жеткізген төрт басты мақсаттарын көрсетті:

- 1) ұлттық және діни сипаттағы араб-израиль шиеленісінің мемлекетаралық шиеленіске ауысуы;
- 2) аймақтағы шиеленістің әлсіреуі;
- 3) радикалды исламмен күресте Египеттің жетекші рөлі;
- 4) Египеттің экономикалық жетістіктері (Annual Economic Report on Egypt, 1999).

Әрине Мысырда, АҚШ-та өзара стратегиялық ынтымақтастықтан тиімді пайдаларын көрді. Вашингтонның арқасында ЕАР Синай түбегін қайтарып алып, белгілі бір деңгейдегі экономикалық және саяси тұрақтылыққа қол жеткізді. Ал, АҚШ өз кезегінде араб әлеміндегі өз мақсаттарын күшейте отырып, Египетті америка мүддесінің қорғаушысына айналдырды.

Шамамен 20 жыл бойы (1979-1999 жж.) Египет АҚШ-тан 21 млрд. экономикалық көмек және 25 млрд. доллар әскери көмек алған. Соңғы кездері елде америкалық бағытты қолдайтын әлеуметтік күштер біртіндеп көбейе түсті. Олар негізінен әртүрлі ассоциацияларға біріккен мысырлық іскер топтарының өкілдері еді. Солардың ішінде ерекше көзге түсетін америка сауда палатасының бөлімі, яғни египет-америка комиссиясы болатын. 1982 жылы құрылған бұл ұйым египет заңына бағынбайды. Негізінен ЕАР шетелдік сауда палаталары сауда министрлігінің шешімі бойынша құрылуы қажет. Вашингтон тарапынан бекітілген бұл ұйым өзінің қызметі бойынша египет заңына қайшылық етеді. Америка жағы бұл ұйым арқылы жеке меншік шетел капиталы мен мемлекеттік құрылымдар арасындағы қатынасты реттестіріп, экономикалық тұрақтылықты сақтағысы келсе, египеттіктер өз кезегінде палатаның көмегі арқылы экономика саласында америка инвестициясының көлемін ұлғайтқысы келеді. Сонымен бірге, екі жақтың белсенді қатынасына көмегін тигізіп отырған келесі ұйым Египет кәсіпкерлер ассоциациясы еді. Қаржы, саяси және әлеуметтік-экономикалық потенциалы жоғары бұл құрылымдар египет-америка қатынасының дамуын реттестіруде өз үлестерін

қосып отырды. Сондай-ақ екі жақты экономикалық байланыстың дамуына өзек болған «Мұбарак-Гор» серіктестік бағдарламасы болды. 1994 жылы 25 қыркүйекте күшіне енген бұл бағдарлама негізінде біріккен египет-америка комиссиясын құру туралы келісімге қол қойылды. Бағдарламаның міндеті жеке меншік секторға сүйене отырып, сауданы дамыту, инвестицияның көлемін ұлғайту үшін қолайлы жағдай жасау. «Мұбарак-Гор» бағдарламасы шеңберінде экономикалық саясат, сауда, инвестиция және қаржыландырудың сыртқы көздері бойынша төрт шағын комиссия қызмет жасады. Бұл шағын комиссиялар дербес түрде жұмыс істеп, көрсетілген аймақтарда нақты жобаларды жүзеге асыруға әрекет етті. Бағдарламаның маңызды жұмысшы органы болып президенттік кеңес саналды. Оның құрамына екі жақтан он бестен ұлттық бизнес «капитандары» кірді. Экономикалық өзара қатынастың маңызды мәселелері бойынша нақты ұсыныстар даярлау үшін үнемі кеңес мүшелерінің мәжілісі жүргізілді. Ал ұсыныстар өз кезегінде Мұбарак және Гордың төрағалығымен бекітілді.

Экономикалық саладағы екі жақты ынтымақтастықтың маңызды бағыттарына шаруашылықты либерализациялау үлгісіндегі әрекеттерді, мұнай-газ кешенін инвестициялық жағынан қолдау, сондай-ақ телекоммуникация желілерін жаңашаландыру, шағын бизнесті кеңейту, ұлттық кадрларды даярлауды жатқызуға болады. Жалпы Египетте ірі америка компанияларының 2500-ден астам өкілеттері жұмыс істейді.

1990 жылдардың аяғына дейін ЕАР экономикасына тікелей инвестиция құю қарқыны өсіп отырды. Мысалы, 1996 жылы инвестиция көлемі 647 млн долларды құраса, ал 1997 жылы 834 млн долларға жетті. 1999 жылға қарай Египетке 2,3 млрд. доллар көлемінде америка инвестициясы (оның 1,5 млрд. мұнай секторына) құйылды. Египет үкіметі америка инвестициясының өсуі жыл сайынғы жалпы ішкі өнімнің 5-тен 8 %-ға дейін өсетініне әкеледі деп үміттенеді. АҚШ үкіметі Каирге берілетін экономикалық көмекті азайтуды ЕАР экономикасына тікелей құйылатын инвестицияны шамамен жылына 3,8 млрд. долларға ұлғайту есебінен жоспарлады (Азатян В.В., Ткаченко А.А., 2000).

Екі жақты қатынастың дами түсуі 1998 жылы мамырда өткізілген «Мұбарак-Гор» комиссиясының мәжілісінде экономикалық ынтымақтастықты тереңдетуге бағытталған маңызды шешімдерді қабылдағаннан кейін байқалды. Египет үкіметі мен USAID арасында египет экономикасын ре-

формалау бағдарламасын жалғастыру үшін субсидий ретінде 60 млн доллар бөлу туралы келісімге қол қойылды. Сондай-ақ мәжілістің жүру барысында сыртқы рынокта египет ауыл шаруашылығы өнімдері мен тамақ өндірісі тауарларының бәсекелестігін арттыру мәселесіне назар аударылды. 1998 жылы тамызда құрамына агроөнеркәсіп корпорацияларының өкілдері кіретін АҚШ конгресі аграрлы комитеті палатасының төрағасы бастаған өкілдерді Египетке жіберуге шешім қабылдады (Мурадян И., 2001).

1998 жылы жазда Х. Мұбарактың АҚШ-қа сапары барысында америка рыногына египет тауарларын тасымалдауды кеңейту және египет компанияларының АҚШ-та шығарған жаңа технологияларын қолдану шарттары туралы келіссөздер жүргізілді. Сондай-ақ екі ел арасында ерікті сауда аймағын құруға байланысты мәселелер қарастырылды.

1999 жылы наурызда Каирде екі ел үкіметінің өкілдері қатысуымен америка сауда палатасының кеңейтілген мәжілісі өткізілді. Экономикалық серіктестік қатынасты тереңдету үшін жаңа мүмкіндіктерді іздестіру қарастырылды. Қатысушылар жыл сайын үкіметаралық мәжілістер өткізіп отыруға келісті. Америка өкілдерін басқарған экономика министрінің орынбасары Стюарт Эльзенстат Египет экономикасындағы ілгері қадамдарды көрсете отырып, «египеттің экономикасын либерализациялау бағдарламасы америка инвесторларына өте қымбат емес, бірақ инвестиция үшін тиімді нысандар ұсына алады» деді. Сондай-ақ ол Египетке құйылатын ірі америка инвестициясын тартуға қарсы әрекет ететін бірқатар факторларды көрсетті. Оның пікірінше, бұған бюрократтық аппарат, қарқыны төмен жекешелендіру және мемлекеттік бағалау саясаты себепкер болып отыр. Америка жағы либералды реформаларды тереңдетуді ұсынса, египет жағы Х. Мұбарактың либералды реформаға қатысты сақтық бағытты ұстанатынын жариялайды (فكر مبارك السياسة الخارج . ۱۹۹۹).

1999 жылы 9 қарашада Вашингтонда екі ел арасында сауда мен инвестициялық қолдау және энергетика саласында ынтымақтастық туралы екі келісімге қол қойылды. Бірінші келісім бойынша II бапта египет сауда министрі және америка сауда өкілеттілігінің төрағасы басшылығымен сауда және инвестиция бойынша египет-америка кеңесін құру айтылды. Кеңес екі жақты сауда және инвестициялық мәселелер бойынша кеңес беру үшін және осы салада туындаған мәселелерді шешу үшін құрылуы керек болды.

Ал екінші келісімнің I бабында өзара тиімді негізде энергетика саласында екі жақты ынтымақтастық орнату қарастырылды (Agreement Between The Government Of The United States, 1999). Келісім шарттарында мағлұматтар алмастыру, ғалымдардың екі жақты сапарлары, біріккен жобалар дайындау, семинарлар мен конференциялар ұйымдастыру мәселелері айтылды. Осы міндеттердің барлығы орындалуын қадағалау үшін арнайы комиссия құрылды.

Америка сарапшыларының пікірінше, Вашингтон Египетке елдегі инфрақұрылымдарды жақсарту және реформаларды жүргізуге көмектесті. Енді олар өздерінің басты міндеті деп елде қолайлы инвестициялық жағдай мен нарықтық экономиканы құруды қарастырады. Жалпы, америка-экономикалық байланысты дамытуға бағытталған бағдарламадан келесі тұжырымдардың туындайтынын көруге болады:

1) Бес жылдың мерзімінде біртіндеп экономикалық көмектің жылына 815 млн доллардан 407 млн долларға дейін қысқаруы;

2) Египетке америка экспорты мен инвестициясының өсуі;

3) АҚШ пен ЕАР арасындағы жаңа сауда келісімдерінің орнауы;

4) Әскери көмектің сол деңгейде сақталуы.

АҚШ үкіметі Египетті нарықтық қатынаста дамыған мемлекетке айналдыруды көздегенін жариялай отырып, ХДП арқылы египет экономикасын дамыту бойынша он жылдық жоспар қабылдады. Бұл жоспарда Египетке экономикалық көмекті 2000 жылы 735 млн доллардан 2009 жылы 400 млн долларға дейін қысқарды. 2008 қаржы жылында 705 млн доллар көлемінде көмек бөлінген болатын. Өз тарапынан Ақ үй Мысырдың жалғыз стратегиялық серіктестігі болып қалуы үшін бұл араб елімен байланысын барынша кеңейтуге және тереңдетуге тырысты. 2000 жылдары АҚШ пен Мысыр арасындағы сауда-экономикалық байланыс жандана түсті. ЕАР сыртқы сауда министрі Юсеф Бутрос Галидің айтуынша, АҚШ-қа экспортталатын мысыр тауарларының көлемі 2002 жылмен салыстырғанда 2003 жылы 21 %-ға өсіп, 1,1 млрд. долларға жетті. Ал бұл көрсеткіш сол бір жыл бұрын ғана шамамен 942 млн долларды құраған болатын (Юрченко В. П., 2003).

АҚШ үшін ресми Египет лаңкестікпен күрес және Таяу Шығыстағы бейбітшілікті реттестіру үдерісі бойынша негізгі серіктестік саналады. Іс жүзінде араб елдерімен байланыс орнату үшін көпірі, ал аймақты реформалау идеясын енгізуде арна ретінде қарастырды. 2004 жылдың басында

АҚШ «Үлкен Таяу Шығыс» деп аталатын бастамасын іске қосты.

Бұл Батыстың жаппай қаржылық көмегіне айырбас ретінде, оның ішінде Солтүстік Африканы қосқанда Таяу Шығыс аймағының 22 мемлекетіне кең көлемдегі саяси, демократиялық және экономикалық реформалар жүргізуді қамтиды. Шын мәнінде ол аймақты түбегейлі қайта құрудағы Вашингтонның ұсынған үлгісі бойынша жоспар болатын. Бұған әрине араб әлемі наразылық танытқан болатын.

2004 жылы наурызда Каирге америкалық «Үлкен Таяу Шығыс» ұсынысын египет басшылығына жеткізу мақсатында АҚШ-тың саяси мәселелер бойынша мемлекеттік хатшысының орынбасары Марк Гроссман келген болатын. Бірақ саяси көзқарастары толығымен түскен мысыр қоғамы елде АҚШ-тың реформаны тек аймақта өзінің ықпалын нығайта түсу үшін жүргізуді қалайтындығын түсінген еді. АҚШ саясатын талқылау үшін Дамаскте өткен халықаралық симпозиумда Сирияның ақпарат министрі Ахмад әл-Хасан өз кезегінде араб елдері америкалық «Үлкен Таяу Шығыс» жоспарына және сырттан алынатын басқа да осыған ұқсас жоспарларға қарсы тұруы тиіс деп пікірін білдірген болатын. Әрине Таяу Шығыстағы экономикалық және саяси реформалар әр елдің ішкі саяси мүддесімен тоғысуы керек.

Қорытынды

XX мен XXI ғасырлар тоғысында Араб Шығысы бірқатар әскери-саяси және экономикалық үрдістерді өткерді. Сонымен қатар халықаралық қатынастарды сипаттайтын маңызды тарихи оқиғалар мен үдерістер ошағы саналды. Бір жағынан, ол аймақ маңыздылығын туғызса, ал екінші жағынан арабаралық қатынастардың жүйесіне кері әсерін тигізді. Араб елдерінің басым көпшілігіне саяси жүйе тұрақсыздығы, экономиканың кешеуілдеп дамуы, мемлекетаралық, ұлтаралық және конфессияаралық қақтығыстар тән болды. Бұл факторлардың барлығы аймақтың қауіпсіздігі мен тұрақсыздығына әкелді.

Таяу Шығыс аймағындағы тұрақсыздықты қалпына келтіру үшін Египет әлемдік мемлекеттермен, оның ішінде АҚШ-пен белсенді дипломатиялық күш жұмсады. Өз кезегінде АҚШ-тың сыртқы саясаты үшін маңызды стратегиялық аймақтың ортасында орналасқан Египет аймақта қауіпсіздік, тұрақтылық, ең бастысы америка мүддесін қамтамасыз етуде ауадай қажет болды. Вашингтонда палестина мәселесін шешудің бір

кілті осы Каирде екендігін жақсы түсінді. Сондай-ақ XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың басында діни лаңкестіктің өрши түскен кезінде америкалықтар үшін Египеттің күшін фундаменталистерге қарсы күресте қолдану маңызды болды.

Дегенмен АҚШ кез келген мемлекетті өзінің басты мүддесін жүзеге асыруы үшін аянбай қалатыны белгілі. Әр кезде де екі ел арасындағы серіктестік қатынасты Вашингтон тек өзінің бас пайдасына шешкісі келгені бүгінгі күні айқын болып отыр. Ол әр уақытта да Мысырдың әлеуметтік-экономикалық жағдайын барынша өз ойының бір бөлшегі ретінде қарап келді. АҚШ-тың Египетке берілетін үлкен экономикалық көмегінің

астарында бірнеше факторлар жатқаны мәлім. Осылайша Таяу Шығыстағы аймақтық бейбітшілік саясатты қамтамасыз етуде Египет АҚШ-тың стратегиялық серіктестігі болып табылды. Ал екі елдің арасындағы қайшылықтар мен түсініспеушіліктер, аймақ тұрақтылығын сақтауда бүгінгі таңда кері әсерін беріп отыр. Әрдайым Египетті өзінің серіктесі деп жар салып келген АҚШ бұл аймақтық көшбасшы мемлекетін өзінің «демократиялық құрбанына» айналдырғаны бүгінгі күннің ақиқаты. Дегенмен қазіргі жаһандық интеграцияның үдеген тұсында Каир египет-америка қатынасынан әлі де болса үлкен экономикалық ынтымақтастық күтеді.

Әдебиеттер

- Азатян В.В., Ткаченко А.А. (2000). Интеграционные процессы в экономике стран Северной Африки. – М.: НИОПИК, – 88 с.
- Егорин А.З. (2000). «Ближний Восток: Гонка вооружений...». Во имя мира». Ближний Восток: проблемы региональной безопасности. – М.: Институт изучения Израиля и Ближнего Востока, – 132 с.
- Звягельская И.Д. (1990). Конфликтная политика США на Ближнем и Среднем Востоке. – М., 125 с.
- Князев А.Г. (1986). Египет 80-х годов. – М.: Знание, – С. 20.
- Мурадян И. (2001). Политика США и формирование региональных альянсов на Ближнем Востоке. – Ереван: Антарес, – 108 с.
- Титоренко В.Е. (1994). Формирование внешней политики Египта после Насера (1970-1993 гг.). – М.: МП Информполиграф, 240 с.
- Юрченко В.П. (2003). Военно-техническое сотрудничество США с арабскими странами (конец XX – начало XXI вв.) // Ближний Восток и современность. Вып. 18. – М.: ИИИБВ, – 248 с.
- الشرع الاوسط، 31/12/1982
برنامج مبارك وثيقة لبناء الدولة العصرية. اكتوبر ١٩٩٩
الأهرام، 25/03/1988
المجلة ٦،٣٠،١٩٨٥، ٢٦٥
- Al-Ahram Weekly. Ibragim Nafia. Critical misjudgments. 28 October-3 November. 1999. Issue №453
وزير الدفاع من التهديدات الرئيسية لأمن مصر // الأهرام، 1986/06/22
- Al-Ahram Weekly. Nevine Khalil. Steering a steady course . 11-17 October 2001. Issue №555
American Embassy in Cairo. Annual Economic Report on Egypt. Cairo, June, 1999
- فكر مبارك السياسة الخارج . اكتوبر ١٩٩٩
- Agreement Between The Government Of The United States Of America And The Arab Republic Of Egypt Concerning The Development Of Trade And Investment Relations, 9 November, 1999 (www.mfa.gov.eg).

References

- Azatyany V. V., Tkachenko A. A. (2000). Integratsionnyye protsessy v ekonomike stran Severnoy Afriki [Integration processes in the economy of the countries of North Africa]. - M.: NIOPIK, - 88 p.
- Yegorin A. Z. (2000). «Blizhniy Vostok: Gonka vooruzheniy...». Vo imya mira». Blizhniy Vostok: problemy regional'noy bezopasnosti ["The Middle East: Arms Race ..."]. In the name of peace. Middle East:Regional Security Issue]. - M.: Institute for the Study of Israel and the Middle East,- 132 p.
- Zvyagel'skaya I. D. (1990). Konfliktnaya politika SSHA na Blizhnem i Srednem Vostoke [United States Conflict Policy in the Middle and Near East]. – M., 125 s.
- Knyazev A. G. (1986). Yegipet 80-kh godov [Egypt of the 80s]. - M.: Znanie, - p. 20
- Muradyan I. (2001). Politika SSHA i formirovaniye regional'nykh al'yansov na Blizhnem Vostoke [US policy and the formation of regional alliances in the Middle East], Erevyan: Antares, – 108 p.
- Titorenko V. Ye.(1994). Formirovaniye vneshney politiki Yegipta posle Nasera (1970-1993 gg.). [Formation of Egypt's foreign policy after Nasser (1970-1993)]- M.: MT Informpoligraf, – 240 p.
- Yurchenko V. P. (2003). Voyenno-tekhnicheskoye sotrudnichestvo SSHA s arabskimi stranami (konets XX – nachalo XXI vv.) // Blizhniy Vostok i sovremennost'. Vyp. 18 [Military-technical cooperation of the USA with Arab countries (end of XX - beginning of XXI centuries)] // Middle East and modernity. Issue № 18. - M.: PIBV, - 248 p.

الشرع الاوسط، 31/12/1982
برنامج مبارك وثيقة لبناء الدولة العصرية. اكتوبر ١٩٩٩
الأهرام، 25/03/1988

المجلة ٢٦٥، ١٩٨٥، ٦، ٣٠

Al-Ahram Weekly. Ibragim Nafia. Critical misjudgments. 28 October-3 November.1999. Issue №453

وزير الدفاع من التهديدات الرئيسية لأمن مصر // الأهرام، 1986/06/22

Al-Ahram Weekly. Nevine Khalil. Steering a steady course . 11-17 October 2001. Issue №555

American Embassy in Cairo. Annual Economic Report on Egypt. Cairo, June, 1999

فكر مبارك السياسة الخارج . اكتوبر ١٩٩٩

Agreement Between The Government Of The United States Of America And The Arab Republic Of Egypt Concerning The Development Of Trade And Investment Relations, 9 November, 1999 (www.mfa.gov.eg).